Бекітемін:
Қарой ЖББМ
директоры Н.Б.Туякова

## Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

**Білім беру ұйымы** Қарой ЖББМ «Күншуақ» шағын орталығы
**Топ:** «Күншуақ»
**Балалардың жасы** 4 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі** 06 - 10 мамыр
2023-2024 оқу жылы
**2-апта**

| Күн тәртібінің кезеңдері | Дүйсенбі 06.05.2024 | Сейсенбі 07.05.2024 | Сәрсенбі 08.05.2024 | Бейсенбі 09.05.2024 | Жұма 10.05.2024 |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу** | кеңес: «Тазалық – денсаулық кепілі». | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | **"Ойыншықтардағы тәртіп".** Мақсат-міндеттер: жұмыс басталар алдында балаларға жұмыс алжапқышын киюді үйрету; ойыншықтарды тәртіпте ұстау: жуу, кептіру, сүрту және орнына қою. Еңбекқорлықты, тәртіпсіздікті көре білуді дамыту; сумен жұмыс | | | | **"Бөлме өсімдіктерін суғару".** Мақсат-міндеттер: өсімдіктердің жарық пен ылғалды қажет ететіні туралы білімдерін кеңейту, ылғалды сүйетін және құрғақшылыққа төзімді, фотофильді, көлеңкеге төзімді өсімдіктерді жапырақтарынан қалай тануға болатындығын үйрету. Су және өсімдіктермен жұмыс кезінде |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | кезінде ұқыптылықты дамыту. Өз еңбегі мен басқа адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** | | | | дәлдікті, өз іс-әрекеттеріне сенімділікті, еңбек дағдыларын дамыту. Қоршаған табиғатқа ұқыпты карауды, оған қамқорлық жасауды тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** |
| | **ҚР. Гимнін орындайды.** Міндеттер. Балаларды патриоттық тәрбиені қалыптастырады. **(музыка)** **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу** "Жұмбақ жасырмақ жаттығулары". Мақсат-міндеттер: балаларды көркем сөздің жұмбақ формасымен таныстыруды жалғастыру, жұмбактың тақпақтан негізгі айырмашылығы жөніндегі түсініктерін пысықтау; заттардың ортақ қасиеттер бойынша топталу принципін қайталау. | | | | **Саусақ жаттығуы.** Гүлдер . Көктемде жайнар алқаптар - (Ортаңғы және сұқ саусақтармен "жүру"). Айналаға гүл қаптар. (Алақанды ашып, қолмен айналаны көрсету.) Шашағы аппақ түймедақ, (Алақанды, саусақтарды ашып, қозғау. ) Көктікен мен қызғалдақ Жердің көркін ашады. (Көктікен - саусақтардың бастарын қосып, жан-жаққа шашырату, "қызғалдақ"- саусақтарды кесеше жинау). (О.И. Крупенчук; Е.Елубаев) **(сөйлеуді дамыту)** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | № 18 | | | | № 18 |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **«Күлімдеген күн».** Кел, балалар, күлейік, Күлкіменен түлейік. Қабақ түйген не керек, Көңілді боп жүрейік! Дөңгелене кілемде отыр. Бәрі бірге айтады. Әскери көліктер, әскерлер туралы суретке қарап әңгімелесу. | | | | **Шаттық шеңбері** Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Кел, балалар, күлейік, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу)** | | | | Күлкіменен түлейік!<br>Қабақ түйген не керек,<br>Көңілді боп жүрейік!<br>Кел, балалар, күлейік!<br>Күлкіменен түлейік!<br>Күлкі көңіл ашады,<br>Күліп өмір сүрейік!<br>**(сөйлеуді дамыту)** |
| **Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>"Допты ұстай алған кім?"<br>Мақсат-міндеттер: балаларды сызықпен тепе-теңдікті сақтап жүруге үйрету. | | | | **Дене шынықтыру**<br>"Ұзындыққа екпінмен секіру"<br>Мақсат-міндеттер: балалардың саптан қатарға бірінің артынан бірі арақашықтықты сақтап, дене қалпын тік ұстап тұру қабілетін жетілдіру; қатарда жүріп келе жатып, жүру, жүгіру жаттығуларын дұрыс бағыт пен кері бағытта жасауға үйрету. |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Серуен** | № 11 | | | | №12 |
| **Серуеннен оралу** | Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сүрту. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | **Математика негіздерінен ойын-жаттығу**<br>"Даладағы гүлдерді санайық. Жиын сандар".<br>Мақсат-міндеттер: балалардың "сан" мен "санау" ұғымдары туралы білімдерін жетілдіру, жиын санын құрайтын ең кіші екі сан туралы түсіндіру. | | | | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>"Таңғажайып табиғат".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды көктемгі табиғаттың таңғажайып құбылыстарымен таныстыра отырып, табиғат туралы түсініктерін кеңейту.<br><br>**Дамытушы жаттығу. "Көзді жұмып, тепе-теңдікті сақтау".**<br>Балаларды көзді жұмып, тепе-теңдікті сақтауға жаттықтыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Сурет салудан ойын-жаттығу**<br>"Әдемі шәйнек".<br>Мақсат-міндеттер: балалардың қылқалам ұшы мен бояу арқылы шәйнектің сұлбасын татар ою түрімен, гүлмен, безендіру техникасымен таныстыру; жасыл көктем мезгіліндегі гүлдердің түрлері туралы ұғымдар жиынтығын пысықтау. | | | | вестибулярлық аппаратты, түйсік қабілетін дамыту.<br>Шарты.<br>Тік тұрып, екі қолды екі жаққа созып жаю; екі аяқтың бірінде кезегімен, тепе-теңдікті сақтау. Алғашқы жаттығудың үлгісін педагог өзі көрсетеді. Тепе-теңдікте тұру ұзақтығын реттеу керек.<br>**(дене шынықтыру)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Дидактикалық ойын "Ғажайып нүктелер".**<br>«Ғажайып нүктелер» арқылы гүлдің суретін салады.<br>Нүктелерді қосып, гүлдің суретін шығарады.<br>**(сурет салу)** | | | | **"Санамақтар".**<br>Бірім - бір,<br>Екім - екі,<br>Үшім - үш,<br>Төртім - төрт,<br>Бесім - бес,<br>Алтым - алты,<br>Ауыр балтам,<br>Қалды қалтам!<br>Қырқылдауық,<br>Қырма тауық!<br>Олпық - солпық,<br>Сен кір, сен шық!<br>**(сөйлеуді дамыту)** |
| **Балалардың үйіне қайтуы** | Балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу, ата-аналардың балаларды тәрбиелеу мен дамыту бойынша сұрақтарына жауап беру, кеңес беру. | | | | |

Бекітемін:
Қарой ЖББМ
директоры Н.Б.Туякова

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы** Қарой ЖББМ «Күншуақ» шағын орталығы
**Топ:** «Күншуақ»
**Балалардың жасы** 4 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі** 13 - 17 мамыр
2023-2024 оқу жылы
**3-апта**

| **Күн тәртібінің кезеңдері** | **Дүйсенбі 13.05.2024** | **Сейсенбі 14.05.2024** | **Сәрсенбі 15.05.2024** | **Бейсенбі 16.05.2024** | **Жұма 17.05.2024** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу** | Баланың балабақшаға бейімделуіне байланысты денсаулығын қадағалап отыру. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | **"Бөлме өсімдіктерінің топырақты қопсыту".** Мақсат-міндеттер: балаларды жабық өсімдіктерге күтім жасауға үйрету; балаларға өсімдіктердің топырағын не үшін қопсыту керектігі туралы білім беру; | **"Біз топ бөлмесінде және жатын бөлмеде терезе төсеніштерін дымқыл шүберекпен сүртеміз".** Мақсат-міндеттер. Балаларды сумен жұмыс кезінде келесі ережелерді сақтауға үйрету: жеңді түру, шүберекті сулау | **"Ойыншықтардағы тәртіп".** Мақсат-міндеттер. Жұмыс басталар алдында балаларға жұмыс алжапқышын киюді үйрету; ойыншықтарды тәртіпте ұстау: жуу, кептіру, сүрту және орнына қою. Еңбекқорлықты, тәртіпсіздікті көре | **Мүсіндеуден ойын-жаттығу** "Көбелек". Мақсат-міндеттер: балалардың жәндіктер туралы білімдерін тиянақтау; сипаттық ерекшеліктерін көрсете отырып, көбелекті мүсіндеуді үйрету. | **"Бөлме өсімдіктерін суғару".** Мақсат-міндеттер. Өсімдіктердің жарық пен ылғалға деген қажеттіліктері туралы білімдерін кеңейту, ылғалды сүйетін және құрғақшылыққа төзімді, фотофильді, көлеңкеге төзімді өсімдіктерді жапырақтардан қалай тануға болатындығын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қопсыту әдістері мен оған қажетті заттарды пайдалану ережелерін бекіту. Еңбек дағдыларын, ұқыптылықты дамыту. Экологиялық мәдениетті, қоршаған табиғатқа ұқыпты қарауды тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** | және құрғатып сығу, ластанған кезде оны сумен шаю. **(еңбек дағдылары)** | білуді дамыту; сумен жұмыс кезінде ұқыптылықты дамыту. Өз еңбегі мен басқа адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** | | үйрету. Су және өсімдіктермен жұмыс кезінде дәлдікті, өз іс-әрекеттеріне сенімділікті, еңбек дағдыларын дамыту. Қоршаған табиғатқа ұқыпты карауға, оған қамқорлық жасауға тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | № 19 | № 19 | № 19 | № 19 | № 19 |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Көктемгі егістік туралы әңгімелесу. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу)** | Балабақша ауласындағы ағаштар туралы әңгімелесу. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу, қоршаған ортамен танысу)** | Егістікке жаңбырдың пайдасы туралы әңгімелесу. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу)** | Көктемгі егістік тақырыбында суреттерге қарап мәтін құрап әңгімелеу. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу)** | Өсімдіктердің гүлдеуі туралы әңгімелесу. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу)** |
| **Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру** "Орындықта бүйірлік адыммен жүру". Мақсат-міндеттер: балалардың саптан қатарға бірінің артынан бірі арақашықтықты сақтап, дене қалпын тік ұстап тұру қабілетін | **Қазақ тілі** (Қазақ тілі мұғалімінің жоспары бойынша) **Музыка** "Кемпірқосақ жолақтары". Мақсат-міндеттер: балаларды балабақша туралы әнді тыңдай отырып, сипатын ажырата | **Дене шынықтыру** "Етпетімен еңбектеу". Мақсат-міндеттер: гимнастикалық орындықпен етпетінен жатып, екі қолымен (орындықтың екі жанынан ұстау) тартыла еңбектеуге үйрету. | **Музыка** "Жау, жау, жаңбыр". Мақсат-міндеттер: балалардың көңілді әнді педагогпен бірге айта білу дағдыларын қалыптастыру; ырғақты қимылдарды музыкамен бірге бастап, соңғы дыбыста бірге аяқтай білуге және аяқ қимылдарын | **Дене шынықтыру** "Жәндіктерді бақылаймыз, еңбектейміз, жорғалаймыз". Мақсат-міндеттер: балаларды ұзындыққа 4-6 сызықтың үстінен секіруге (сызықтардың арақашықтығы 40-50 см) үйрету. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жетілдіру; жүріп келе жатып, қатарда жұппен тұра білуге және жұппен жүру, жүгіру жаттығуларын дұрыс бағыт пен кері бағытта жасауға үйрету. | білуге үйрету; әннің мағынасын түсініп айта білу қабілетін жетілдіру. | | жасауда аяқты өкшемен және ұшына қоюға үйрету. | |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. | | | | |
| **Серуен** | № 13 | № 14 | № 15 | № 16 | № 17 |
| **Серуеннен оралу** | Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сүрту. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | **Құрастырудан ойын-жаттығу** "Ғажайып орман тұрғындарына үйшік құрастырамыз". Мақсат-міндеттер: балаларды қағаз бетінің оң жағына есептеу таяқшаларынан қоянның үйшігін, ал сол жағына аюдың үйшігін құрастыруға үйрету. | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу** "Жау, жау, жаңбыр". Мақсат-міндеттер: балалардың жаңбыр туралы негізгі ұғымдарын қалыптастыру; жансыз табиғат нысандары туралы білімдерін кеңейту. | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу** "Апалы-сіңлілі үш қыз". Мақсат-міндеттер: балаларды "Апалы-сіңлілі үш қыз" ертегісі мазмұнымен таныстыра отырып, ертегіге қызығушылықтарын қалыптастыру; ертегі желісіндегі кейіпкерлердің қасиеттері мен | **Сурет салудан ойын-жаттығу** "Жайлаудағы гүлдер". Мақсат-міндеттер: балаларды сия тамшысы техникасына бейімдеу; сия тамшыларын қағаз бетіне түсіріп, пайда болған тамшыларды түтікшемен гүлдерге айналдырып, гүлденген дала пейзажын салу амалдарына үйрету. | **Математика негіздерінен ойын-жаттығу** "Тышқандарды санаймыз. Жиын сандар". Мақсат-міндеттер: балаларға заттардың беске дейінгі жиын санын құрайтын ең кіші екі сан туралы түсіндіруді жалғастыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | әрекеттерін зейін қойып, бақылай білуге үйрету. | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Театрды сахналау.** Балалар еркін жұмыс таңдайды, кез келген ертегіні сахналайды. **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | **"Еңбек" тақпағын жаттау.** Гүл өсірсең, терлеп, Мұның ата - Еңбек. Кесте тіксең, зерлеп, Мұның аты - еңбек. Қырға шықсаң, өрлеп, Мұның аты - еңбек. Сабағыңа жөндеп Әзірлесең - Еңбек. Қиындықтың бәрін Еңбек қана жеңбек. Н. Жанаев **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | **Ойын жаттығуы: "Сөз ойлап тап".** Мақсат-міндеттер: қарама-қарсы мағыналы сөз тауып айтуға үйрету. **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | **"Жұмыс үшін кімге не қажет?" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың егіншілер туралы түсініктерін дамыту. Аталған мамандық иесіне қажет, еңбек құралдары мен материалдарын табуды үйрету. **(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** | **Ойын-тапсырма: "Қайшымен контур бойынша сурет қию". "Не артық?" дамытушылық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды заттарды шарттарда берілген белгілер бойынша жіктеуге машықтандыру; ойлау қабілеттерін дамыту. Құралдары: түрлі заттар мен ойыншықтар немесе заттық сурет-карточкалар. Педагог түрлі заттарды немесе суреттерді төртеуден тізбекке қояды немесе салады. Әрбір төрт зат немесе суреттің арасында біреуі артық болып саналады. Артықты табу үшін балалар төрттің арасынан бәріне ортақ қасиеті жоқты іздеп атайды. **(жапсыру)** |
| **Балалардың үйіне қайтуы** | Балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу, ата-аналардың балаларды тәрбиелеу мен дамыту бойынша сұрақтарына жауап беру, кеңес беру. | | | | |

Бекітемін:
Қарой ЖББМ
директоры Н.Б.Туякова

## Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

**Білім беру ұйымы** Қарой ЖББМ «Күншуақ» шағын орталығы
**Топ:** «Күншуақ»
**Балалардың жасы** 4 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі** 20 - 24 мамыр
2023-2024 оқу жылы
**4-апта**

| **Күн тәртібінің кезеңдері** | **Дүйсенбі 20.05.2024** | **Сейсенбі 21.05.2024** | **Сәрсенбі 22.05.2024** | **Бейсенбі 23.05.2024** | **Жұма 24.05.2024** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу** | Ата-аналарға "Балалардың жануарлар мен құстарға деген қызығушылығын дамытамыз" тақырыбында кеңестер беру; әңгімелесу; ата-аналардың мазалап жүрген сұрақтарына жауап беру. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | **"Ойыншықтардағы тәртіп".** Мақсат-міндеттер. Жұмыс басталар алдында балаларға жұмыс алжапқышын киюді үйрету; ойыншықтарды тәртіпте ұстау: жуу, кептіру, сүрту және орнына қою. Еңбекқорлықты, | **"Кір сүлгілерді ауыстыру".** Мақсат-міндеттер. Еңбекке деген тұрақты қызығушылықты сақтау, тапсырманы мұқият орындауға ұмтылу. Сүлгіні жеке ұяшыққа іліп қоюды үйреніңіз. **(еңбек дағдылары)** | **"Ұйымдастырылған іс-әрекетіне дайындық".** Мақсат-міндеттер. Кезекшінің міндеттерін өз бетімен, адал орындау: сабақ үшін тәрбиеші дайындаған материалдар мен оқу құралдарын үстелдерге қою; | Үлкендердің көмегімен жаз айларында даладағы гүлдерді суару, ағаштарға су құю, түптерін қопсыту, сыпырысу, қоқыстарды жинауға үйрету. **(еңбек дағдылары)** | **"Бөлме өсімдіктерінің топырағын қопсыту".** Мақсат-міндеттер. Балаларды жабық өсімдіктерге күтім жасауға үйрету; балаларға өсімдіктердің топырағын не үшін қопсыту керектігі |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тәртіпсіздікті көре білуді дамыту; сумен жұмыс кезінде ұқыптылықты дамыту. Өз еңбегі мен басқа адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** | | қажетіне қарай оларды сабақтан кейін орнына жинау. **(еңбек дағдылары)** | | туралы білім беру; қопсыту әдістері мен оған қажетті заттарды пайдалану ережелерін бекіту. Еңбек дағдыларын, ұқыптылықты дамыту. Экологиялық мәдениетке, қоршаған табиғатқа ұқыпты қарауға тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | № 19 | № 19 | № 19 | № 19 | № 19 |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Жаз туралы әңгімелесу. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу)** | Жаз туралы тақпақтар жаттау. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу)** | Жаз табиғатының суретіне қарап әңгіме құрау. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу)** | Жаз туралы жұмбақтар шешу. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу)** | Жаз туралы әңгімелесу. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу)** |
| **Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру** "Жайдары жаздың ойындары". Мақсат-міндеттер: балаларда қатарға үшеуден тұрып, сапты қайтадан құру; аяқтың ұшымен, өкшемен, табанмен, табанның ішкі жағымен, тізені жоғары көтеріп, ұсақ және алшақ адымдап жүру және жүгіру дағдыларын жетілдіру. | **Қазақ тілі** (Қазақ тілі мұғалімінің жоспары бойынша) **Музыка** "Кел, билейік!" Мақсат-міндеттер: балаларды көңілді әуенді тыңдау және айту кезінде әннің сипатына сай денесімен ырғақты қозғала білу қабілеттеріне және ырғақты қимылдарды музыкамен бірге | **Дене шынықтыру** "Қол мен аяғымызды шынықтырайық" Балаларды қозғалыс бағытын өзгертіп, қосымша қадаммен алға жүру; тепе-теңдікті сақтап бөренемен жүруге үйрету; балаларда бытырап жүру; сапта бір-бірден түрлі бағытта жүгіру дағдыларын дамыту; балаларды педагогпен бірге жаттығуларды | **Музыка** "Біз өмірдің гүліміз". (пысықтау) Мақсат-міндеттер: балаларды ырғақты қимылдарды музыкамен бірге бастап, соңғы дыбыста бірге аяқтай білуге үйрету; жәй және қатты шығатын дыбыстарды педагогпен бірге айта білу | **Дене шынықтыру** "Қол мен аяғымызды шынықтырайық" (пысықтау) Балаларды қозғалыс бағытын өзгертіп, қосымша қадаммен алға жүру; тепе-теңдікті сақтап бөренемен жүруге үйрету; балаларда бытырап жүру; сапта бір-бірден түрлі бағытта жүгіру дағдыларын дамыту; балаларды педагогпен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | бастап, соңғы дыбыста бірге аяқтай білуге үйрету. | орындауға ынталандыру. | дағдыларын жетілдіру. | бірге жаттығуларды орындауға ынталандыру. |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылары)** | | | | |
| **Серуен** | № 18 | № 19 | № 20 | № 21 | № 22 |
| **Серуеннен оралу** | Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сүрту. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу** "Арманшыл сарғыш марғау" тақпағы негізінде түстер туралы әңгімелеу. Мақсат-міндеттер: балалардың тақпақ оқу және әңгімелеу сөйлеу формалары жөнінде білімдерін пысықтау, зат есімдердің құбылысты, затты, аңды, құсты бідіретіні жөніндегі түсініктерін тиянақтау; сөздердің логикалық ой құрылымына тізілетінін көрсету; түстерді пысықтау. | **Сурет салудан ойын-жаттығу** "Өз қалауы бойынша". Мақсат-міндеттер: балаларды өз қалаулары бойынша сурет салу әрекетіне машықтандыру; барлық игерген сурет салу техникаларын естеріне түсіріп, белгілі композицияны, бейнелерді салу амалдарын пысықтау.<br><br>**Ритмикалық жаттығу**<br>Жолдарыңа үңіліп,<br>Екі бақа жүгіріп,<br>Секіреді, бақ-бақ,<br>Ағаштарды аттап.<br>Олар ерте тұрады,<br>Беті-қолын жуады.<br>Оңға-солға шайқалып,<br>Бақылдайды ән салып.<br>Судан шіркей табады,<br>Өсіп үлкен болады. | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу** "Өсімдіктер мен кемпірқосақ". Мақсат-міндеттер: балаларды "Өсімдіктер мен кемпірқосақ" ертегісі мазмұнымен таныстыра отырып, ертегіге қызығушылықтарын қалыптастыру; ертегі желісінде кездесетін заттардың қасиеттері мен әрекеттерін зейін қойып, бақылай білуге үйрету. | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу** "Күн сәулесі". Мақсат-міндеттер: балаларға күн жайлы мәлімет беру; күннің пайдасы туралы білімдерін кеңейту; күннің көзі жарқырап тұрса, жылу беретіні жөнінде ұғымдарын қалыптастыру. | **Жапсырудан ойын-жаттығу** "Судағы ғажап балық". Мақсат-міндеттер: қағазбен жұмыс жасау іскерліктерін жетілдіру.<br><br>**"Эстафета".**<br>Ойынның мақсат-міндеттер. Балалардың тілін және сөздік қорын дамыту. Ертегі кейіпкерлері туралы түсініктерін кеңейту. Ойынның барысы. Балалар дөңгеленіп тұрады, жүргізуші қолында эстефаталық таяқша болады. Жүргізуші бір ертегі кейіпкерінің атын айтып, қолындағы таяқшаны қасындағы балаға береді. Таяқшаны алған бала сол ертегі кейіпкерлерінің іс-әрекет қимылына байланысты сөз айтып, келесі балаға тездетіп |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Бақ-бақ, нақ-нақ,<br>Біздер айттық тақпақ.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, дене шынықтыру)** | | | таяқшаны беруі тиіс. Жүргізуші қолына таяқша қайтып келгенде, ол жаңа сөздер айтып, басқа балаға бере бастайды. Балалар сөз тауып айта алмаса, айып салынады.<br>**(дене шынықтыру)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **«Әдемі кілемшелер». (Сарғыш марғауға кілемшелер жасау)**<br>Ойынның мақсат-міндеттер.<br>Бөліктерден кілемше жасауға үйрету; қабылдау, ес, зейін үрдістерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Ойынның құрал-жабдықтары: қағаздан жасалған кілемшелер, геометриялық пішіндер.<br>Ойынның мазмұны.<br>Балалар геометриялық пішіндерді берілген кілемшелердің үстіне қойып, құрақ құрайды.<br>**(математика негіздері, шығармашылық дағдылар)** | **"Суретші нені шатастырды?" дамытушылық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: есте сақтау мен логикалық ойлауын, зеректікті дамыту.<br>Жаз мезгіліне байланысты суреттер.<br>Мысалы: жаз мезгілінде қар жауып тұр.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** | **Жаңылтпаштар жаттау.**<br>1) Топ бала, топ бала<br>Ойнап жүр, топтала.<br>Зымырап допты ала,<br>Қуады көп бала.<br>2) Омар томар алар,<br>Орал орақ орар.<br>3) Қырда қырау<br>Қызыл ала бұзау.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | **Ойын жаттығуы: "Кім көп сөз ойлап табады?".**<br>Мақсат-міндеттер: тапқырлықты дамыту.<br>**(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** | **"Жаз келді" тақпағын жаттау.**<br>Жайқалып жапырақ,<br>Құлпырып қызғалдақ.<br>Тұратын көз тартып,<br>Жаз келді күн шуақ.<br>Ж.Молдағалиев<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** |
| **Балалардың үйіне қайтуы** | Балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу, ата-аналардың балаларды тәрбиелеу мен дамыту бойынша сұрақтарына жауап беру, кеңес беру. | | | | |

Бекітемін:
Қарой ЖББМ
директоры Н.Б.Туякова

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы** Қарой ЖББМ «Күншуақ» шағын орталығы
**Топ:** «Күншуақ»
**Балалардың жасы** 4 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі** 27 - 31 мамыр
2023-2024 оқу жылы
**5-апта**

| Күн тәртібінің кезеңдері | Дүйсенбі 27.05.2024 | Сейсенбі 28.05.2024 | Сәрсенбі 29.05.2024 | Бейсенбі 30.05.2024 | Жұма 31.05.2024 |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу** | Ата-аналарға кеңес. "Үйдегі жағдайда балабақшаның күн тәртібімен бірдей етіп ұйымдастыру". | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | **"Кір сүлгілерді ауыстыру".** Мақсат-міндеттер. Еңбекке деген тұрақты қызығушылықты сақтау, тапсырманы мұқият орындауға ұмтылу. Сүлгіні жеке ұяшыққа іліп қоюды үйреніңіз. **(еңбек дағдылары)** | **"Өз төсегімізді жинауды үйренеміз".** Мақсат-міндеттер. Балалардың өз төсегіне күтім жасау бойынша біліктері мен дағдыларын қалыптастыру; ұқыптылыққа, басқа біреуге көмектесуге ұмтылуға тәрбиелеу; еңбекке ұқыпты | **"Ойыншықтардағы тәртіп".** Мақсат-міндеттер. Жұмыс басталар алдында балаларға жұмыс алжапқышын киюді үйрету; ойыншықтарды тәртіпте ұстау: жуу, кептіру, сүрту және орнына қою. Еңбекқорлықты, | **"Бөлме өсімдіктеріне пульверизатормен су бүрку".** Мақсаты: жаңа еңбек дағдыларын үйрету; жапырақтағы ылғалдылықтың қажеттілігі жайлы түсініктерін бекіту; өсімдіктерге ұқыпты күтім жасауға тәрбиелеу. Өз бетінше | **"Киім шкафын реттеу" (тәрбиешінің көмекшісімен бірігіп).** Мақсаты: балаларды киім-кешекке арналған жеке шкафты таза ұстауға үйрету: шкафты киімдер мен аяқ киімнен босату, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | қарауға тәрбиелеу; өз-өзіне қызмет көрсету бойынша дербестігі мен дағдыларын дамыту.<br>**(еңбек дағдылары)** | тәртіпсіздікті көре білуді дамыту; сумен жұмыс кезінде ұқыптылықты дамыту. Өз еңбегі мен басқа адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.<br>**(еңбек дағдылары)** | суғару қажеттілігін анықтауға үйрету (өсімдіктің сыртқы түрқы және топырақтың түсі мен қалпына байланысты), суғару техникасын еске түсіру. | дымқыл шүберекпен сөрелерді сүртіп, киімдерді қайта орнына тиянақты жинау.<br>Тәртіпке бағынуға, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>Ұжымдағы ұйымшыл еңбекке үйрету. |
| **Таңертеңгі жаттығу** | № 19 | № 19 | № 19 | № 19 | № 19 |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **"Жау, жау, жаңбыр!" сөзді-ырғақты жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: жаңбыр туралы түсініктерді тиянақтау; көркем сөзді мәнерлеп, ырғақпен айтуға машықтандыру.<br>Жау, жау, жаңбыр, селдетіп,<br>Күткеніміз сең едің.<br>Жас егін де ер жетіп,<br>Желкілдетсін желегін.<br>Жау, жау, жаңбыр, тағы да,<br>Дала, тауға көрік бер.<br>менің еккен бағымда,<br>Өссін жүзім, өріктер. | **"Менің ой-қиялым" шабыттану сәті.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың ой-қиялын дамыту; босаңсыту жағдайын жасау.<br>- Балалар, қазір, сурет салу алдында, әрқайсымыз біраз ойнанып, әуенді тыңдап, шабыт алайық.<br>Құралдары: әдемі әуен жазбасы.<br>Жаттығу аяқталғаннан кейін педагог балаларды аралап, нені салуды ойлағандарын сұрайды.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | Жаз мезгілі туралы әңгімелесу.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі, қоршаған ортамен таныстыру)** | Жаз мезгіліне байланысты сюжетті суреттерге қарап әңгіме құрау.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі)** | Жаз мезгілі туралы жұмбақтар шешу.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | | | | |
| **Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Жазғы демалыс.** (сюжетті ойындар, үстел үсті ойындар, театр қойылымдары, басқатырғыш, логикалық ойындар, қыс қызығына байланысты суреттер бояу) | **Жазғы демалыс.** (сюжетті ойындар, үстел үсті ойындар, театр қойылымдары, басқатырғыш, логикалық ойындар, қыс қызығына байланысты суреттер бояу) | **Жазғы демалыс.** (сюжетті ойындар, үстел үсті ойындар, театр қойылымдары, басқатырғыш, логикалық ойындар, қыс қызығына байланысты суреттер бояу) | **Жазғы демалыс.** (сюжетті ойындар, үстел үсті ойындар, театр қойылымдары, басқатырғыш, логикалық ойындар, қыс қызығына байланысты суреттер бояу) | **Жазғы демалыс.** (сюжетті ойындар, үстел үсті ойындар, театр қойылымдары, басқатырғыш, логикалық ойындар, қыс қызығына байланысты суреттер бояу) |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылары)** | | | | |
| **Серуен** | № 15 | № 16 | № 17 | № 18 | № 19 |
| **Серуеннен оралу** | Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сүрту. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | **"Сақина" ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды зеректікке, ептілікке, шапшаңдыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Бастаушы шеңбер ішіне, ал балалар шеңберді айнала тұрады. Алақанында сақина бар, оны екі қолды біріктіріп, кезек-кезек балалардың алақанын ашып, байқатпай біріне беруге тырысады. Балалар бастаушының | **"Бояулар" қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды жүгіру бағытын өзгертіп, жылдамдықпен жүгіре білуге машықтандыру; қуғыншы жете алмайтындай тырысуды, ептілікті, қозғалыс жылдамдығын дамыту; достыққа тәрбиелеу. Балалар "бояушыны" санамақ арқылы таңдайды, қалғаны "бояуларды" сомдайды. "Бояулар" белгілі жерде тізіліп отырады (тұрады). Әрбір бала, | **Ритмикалық жаттығу** Шынығу үшін шымыр боп, (оң қолын жоғары көтереді) Шынығамыз шаршамай. (сол қолын жоғары көтереді) Бұлшық еттер шымыр боп, (қолдарын кеуде тұсында кереді) Аламыз сосын тыныс жай. (төменнен жоғары әкеліп, дем шығарады) **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** . | **"Не жасырылған" дидактикалық ойыны.** Мақсаты: балалардың ойлау қабілеттерін, қиялдарын, байланыстыра сөйлеуін дамыту; заттардың қасиеттерін танып, білуге деген қызығушылықтарын арттыру. Барысы. Алдымен педагог, кейін балалар кезектесіп, жүргізуші рөлін атқарады. Жүргізуші сөзбен балалар жасырған (ойыншықты, | **"Көзді жұмып, тепе-теңдікті сақтау" дамытушылық жаттығу.** Мақсаты: балаларды жұмылу көзбен, тепе-теңдікті сақтауға жаттықтыру; вестибуляр аппараттарын, көру қабілеттерін дамыту. Барысы. Орындарынан тұру, қолдарын екі жаққа созу; екі аяқпен кезек-кезек тепе-теңдікті сақтай отырып, тұру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | әрекетін және достарын мұқият бақылайды.<br>Сақинаға ие болған бала басқаларға білдірмеу керек.<br>Белгі бойынша бастаушы: "Сақина, сақина, қане шықшы ортаға!" – дегенде сақина ұстаған бала шеңбер ортасына жүгіріп шығады да, бастаушы болады.<br>Егер ойыншылар белгі бергенге дейін балалардың бірінен сақинаны байқап қалса, оны шеңбер ортасына жібермейді. Ондай жағдайда ойынды сол бастаушы қайта жалғастырады.<br>**(дене шынықтыру)** | ешкімге айтпай, өзіне бояу түсін таңдайды, тек "бояушы" сұраған кезде, өзі ойлап қойған түсті естіп, ойынға кіріседі.<br>Педагог (кейін балалардың бірі) "бояуды сатушы" болып, "бояушы" бояуды сатып алуға келген кезде сұрақтар қояды:<br>- Сәлеметсіз бе! Кім боласыз?<br>"Бояушы":<br>- Мен бояушымын,<br>Үстімде боялған киімім.<br>Алыстан келемін,<br>Бояу үшін теңге беремін.<br>"Бояуды сатушы":<br>- Түсі қандай бояуды қалайсыз?<br>Осы кезде "бояушы" кез келген түсті айтады, сол түс болып өзін ойлаған бала сыртқа шығып, қаша жөнеледі. Ал диалог ары қарай жалғасады. "Бояушы" алақанымен "сатушы" алақанын келісілген сан рет қағады да, "бояуды қуалап кетеді.<br>Егер "бояу" қашып, | | құбылысты, жан-жануарды, құсты, өсімдікті) затты суреттейді, бірақ атамайды. Ойыншы балалар жауабын табуға тырысады.<br>Алдымен педагог балаларға заттың қарапайым, анық сипаттамасын береді, кейін тапсырма күрделенеді.<br>Мысалы.<br>"Бұл өсімдік қылқан жапырақты ағаштарға жатады, үшбұрыш пішінді болып келеді";<br>"Бұл жиһаз, пластиктан ғана емес, сондай-ақ ағаштан да жасалады, адамның тынығуына жағымды әсер етеді". | Жаттығудың алғашқы үлгісін педагог өзі көрсетеді. Тепе-теңдік ұзақтығын реттеу қажет. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | қайтып келсе, "бояушы" бояуды сатып алуға қайта келеді. "Бояу" ұсталынса, оны сомдаған бала "бояушы" болады. "Бояушы" балалар таңдамаған түсті айтса, өзге түсті қалауға мәжбүр болады. **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Жаз мезгілі туралы тақпақтар жаттау.** Жарқын жаз<br>Көл жағалай көп құстар<br>Ұшып-қонып жатады.<br>Қиқуласып әр тұстан<br>Сызылтып үн қатады.<br>Дөңгеленіп төбеден,<br>Сәулесін күн төгеді.<br>Жарқын жаздың не деген,<br>Жасыл түсі көп еді.<br>А.Омарова<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | Жаз мезгіліндегі қауіпсіздік ережелері жайлы әңгімелесу. **(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** | **Театрды сахналау.** Балалар еркін жұмыс таңдайды, кез-келген ертегіні сахналайды. **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | **"Айырмашылығын тап" дамытушылық ойыны.** Мақсат-міндеттер: есте сақтаған заттарды салыстыру, ортақ ерекшеліктерін анықтап, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын табу біліктіліктерін, зейінін дамыту. Құралдары: бір қарағанда бірдей болып көрінетін, бірақ бірнеше айырмашылықтары бар суреттер жұптары. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** | **"Жаз" (сюжеттік суреттерді қарастыру) тақырыбына әңгімелесу.** Мақсат-міндеттер: қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** |
| **Балалардың үйіне қайтуы** | Балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу, ата-аналардың балаларды тәрбиелеу мен дамыту бойынша сұрақтарына жауап беру, кеңес беру. | | | | |